

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ҚҰПИЯЛАР



Балаңызға жақын бола түсуге
көмектесетін **3 құпия**

**МАҚТАУ
КӨМЕК
ҚОЛДАУ**



Мінез-құлықты басқаруға
көмектесетін **3 құпия**

~~**БҰЙРЫҚ**~~ **ӨТІНІШ
ТАПСЫРМА**



Балаға қолайсыздықтарды бастан
кешіруге үйрететін **3 құпия**

**ҚҰШАҚТАУ
ШЫДАУ
ОЙЛАНУ**

**БҰНЫҢ БӘРІ ҰЗАҚ УАҚЫТТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ
ДЕГЕНМЕНДЕ МАҢЫЗДЫ ІСТЕ СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ!**

Баланы қалай дұрыс мақтау керек

Бала төмендегіні естігенде не сезеді?

Жарайсың!

Тапсырманы өз бетіңмен орындап жатқаныңа қуанып тұрмын, өте ынталысың!

Баланы дұрыс мақтау үшін бірнеше ережені ұстаныңыз:

- ✓ **Не көріп** тұрғаныңызды сипаттаңыз: *әдемі әріптер, таза киім, жинақы үстел, т.б.*
- ✓ Соған байланысты **қандай сезімде** екеніңізді сипаттаңыз: *қуаныш, шаттық, рақат, қанағаттану, т.с.с. – ұнамды сезім!*
- ✓ Баланың мақтауға лайық қылығын сол жағдайға **көрінген қасиетін көрсететін сөзбен** қорытындылаңыз: *ұқыптылық, тәртіптілік, шыдамдылық, ынталылық, шапшаңдық, ептілік, тапқырлық, т.б.*



Есте сақтау

– ұнамсыз тұсын емес, ұнамды тұсын айтаңыз

МАҢЫЗДЫ:

– БАҒАЛАМАЙМЫЗ, дамуға ынталандырамыз

Балаға қалай дұрыс көмектесу керек?



БІРГЕ КӨМЕКТЕСУ \neq **ЫНТАЛАНДЫРУ**

ЕГЕР «БАЛАМЕН БІРГЕ» БОЛСАҚ	ЕГЕР «БАЛАНЫҢ ОРНЫНА» БОЛСАҚ
Мен керекпін	Маған сенбейді
Менің сүйенішім бар	Менің орныма істей салады
Қолымнан келеді	Өзім істей алмаймын
Бәрін істей аламын	Менде бәрі нашар
Мені жақсы көреді	Жолым болмайды



СЕНИМ

ЫНТА

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ



Балаға қалай дұрыс қолдау көрсету керек?

Бала төмендегіні естігенде не сезеді?

Ештеңе етпейді

Мен саған сенемін, бірге бәрін жеңеміз



ҚОЛДАУ ≠ МАҚҰЛДАУ

- сүйеніш болады
- өміршендікті сақтайды

ҚОЛДАУ ≠ ТЕРІСКЕ ШЫҒАРУ

- қуаттайды, күшейтеді
- сенімділік ұялатады, жігерлендіреді

ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҮШІН КЕЛЕСІ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ҰСТАНЫҢЫЗ:

- ✓ «БІЗДІҢ қолымыздан келеді» деген біріктіруші сөздерді қолданыңыз
- ✓ Көмек беру, түсіндіру әдісін қолданыңыз
- ✓ Баланың сезімдеріне ортақтасыңыз, кез-келген сезіммен келісіңіз: сезімді атымен атаңыз
- ✓ Ақыл үйретудің орнына тәжірибеңізбен бөлісіңіз
- ✓ Басқалармен салыстырмаңыз – баланы өз жетістіктерімен ғана салыстырыңыз



*Қымбатты ата-аналар!
Барлығымыз бірге төзімді,
байсалды, сенімді,
тапқыр, әрі дана болайық!*

*Балаңыз жанында өзін
түсінетін және осындай
ауыр өмір кезеңінде көмек
беретін ересектер бар
екенін көрсін және сезсін!*

*Қандай да бір
сұрақтарыңызбен мектеп
психологына жүгіне
аласыз!*

87001582265

Гүлшат Елеусізқызы

